


**Электрлік бұранда  
OneTwo O3W0019**

## Сақтық шаралары

1. Электр тогымен зақымдануды болдырмау үшін құрылғыны суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз. Бұл электр тогымен зақымдануға және/немесе бұйымның зақымдануына әкелуі мүмкін.
2. Тұтануды болдырмау үшін жарылу қаупі бар және/немесе тұтанатын сұйықтықтардың жанында құрылғыны пайдаланбаңыз.
3. Құрылғыны дұрыс емес мақсатта пайдаланбаңыз. Құрылғы тек үйде пайдалануға арналған.
4. Құрылғыны тек үйде пайдаланыңыз. Құрылғыны жаңбырдың немесе басқа төтенше жағдайлардың әсеріне ұшыратпаңыз.
5. Егер ауыстырып-қосқыш немесе құрылғының өзі дұрыс жұмыс істемесе, бөтелкені ашуға тырыспаңыз.
6. Ешқашан құрылғыны қолмен күшейтуге немесе оның жұмысын жылдамдатуға тырыспаңыз, өйткені ол өндіруші орнатқан жылдамдықта жұмыс істейді.
7. Құрылғының механизмін немесе шиыршығын ұстамаңыз және бөлшектемеңіз. Пайдалану кезінде құрылғыны пластикалық корпусынан ұстаңыз.
8. Құрылғы ойыншық емес; оны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз
9. Құрылғы бөлшектерін басқа құрылғыда қайта пайдалануға болмайды. Егер ол зақымданған болса, авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.
10. Олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылауды жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған.

## Құрылғыны пайдалану

1. Батарея бөлігінің қақпағын ашып, батарея мен бөліктегі «+» және «-» белгілерін сәйкестендіріп, «AA» типті 4 батареяны бөлікке салыңыз. Содан кейін қақпақты жабыңыз.



Жұқалтырға арналған пышақ

2. Жұқалтырды бөтелкеден пышақтың көмегімен алыңыз.



3. Бұранданы тығынға қатысты тігінен орналастырыңыз. Егер бұранда бұрышпен орналасатын болса, құрылғы дұрыс жұмыс істемейді мүмкін.
4. Құрылғыны мықтап ұстап, төменгі түймені басыңыз. Бұранда шиыршығы алдымен бұранданы ұстап, содан кейін оны бөтелкеден шығарып, сағат тілімен бұрылатын болады. Тығын бөтелкеден толығымен шығарылған кезде механизм тоқтайды.
5. Бөтелкеден тығынды алып тастаңыз және жоғарғы түймені басыңыз. Шиыршық тығынды босатып, кері бағытта айнала бастайды.



## Техникалық сипаттамалары

**Қуат беруі:** АА батареялары (4 дана)

**Басқарылуы:** екі жайғасымды ауыстырып-қосқыш

**Тығынды бөтелкеден шығару уақыты:** 9 сек.

**Корпус материалы:** пластик

**Габариттері:** 22,9 x 4,9 см

**Бұйым салмағы:** 325 г

**Жиынтықта:** бұранда, жұқалтырды кесуге арналған пышақ

## Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе қосымша бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы құрғақ үй-жайда сақталуы тиіс. Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Бұйымды өткізу РҚ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін оны басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Осы бұйымның кәдеге жаратылуы қалдықтарды өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұйымдардың кәдеге жаратылуы қоршаған ортаға және адам денсаулығына қалдықтардың бақыланбайтын шығарылуының нәтижесінде әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді. Тегін және Сіздің тұрғылықты жеріңізде қызмет көрсету мерзімі аяқталған электрлік және электрондық жабдықты жинау және кәдеге жарату әрекеттерін жүзеге асыру бойынша толық ақпарат алу мақсатында муниципалдық билік органының тиісті басқармасына жүгініңіз.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Чжухай Келитонг Электроник Ко., Лтд.

№8 Хонвань тас жолы, Хонвань өнеркәсіптік аймағы, Сянчжоу ауданы, Чжухай қаласы, Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нур-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Құрылғының сыртқы көрінісі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшыратылуы мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.

Кепілдік мерзімі: 1 жыл.

Пайдалану мерзімі: 2 жыл.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.